


● Жолдауга қолдау



Еліміздің өнеркөсіптік өлеуметтің құрамына химиялық, мұнай өндіріс, металургиялық, машина жасау және татақ өнеркөсібі кешендері, сонымен қатар құрылымдардың материалдарын шыгарумен айналысатын ортүрлі көсіпорындар

МАҢСАТЫМЫЗ – ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУ

кіреді. Осы атаптаған өндіріс салаларында газдарды тазалау, технологиялық процестерде қолданылатын масса алмасу және шаш ұстау аппараттары бар. Дегенмен, бұлар негізінен жетпісінші жылдардың басындағы гылыми-техникалық жобаларга сай құрылған. Басқаша айтқанда, оларда қазіргі заманға сай экономикалық және экологиялық талаптар есептілген. Бұл біріншіден, онімнің саласына және өзіндік құнына теріс өсерін тигізуде. Екіншіден, республикамыздың өнеркөсіптік дамыған аудандарында зиянды қалдықтардың концентрациясы шектеулі мүмкіндікten он ессе, ал, кейбір жерлерде жуз есеге дейін асып кетуіне келіп соуда.

Казакстанда масса алмасу және шан-тозанды ажырату аппараттарының ірі тұтынушыларына фосфор мен фосфор қышқылын, аммиак және азот қышқылын, минералды тыңайтқыштарды, үш полифосфатты және жуғыш күралдарын өндіретін кесіпорындар жатады. Оларда бұл аппараттар газ төрізді немесе катты коспаларды ажырату үшін технологиялық және экологиялық жабдықтар ретінде колданылады.

Химия өнеркөсібінде газды тарату схемасы үш сатыдан тұрады. Олар - шанды тазалау, құрамдас бөліктедің абсорбциясы (сіну) немесе десорбциясы және газдарды санитарлық тазалау. Отандық өнеркөсіптерде фторлы байланыстарды абсорбциялау үшін катты заттармен жиі толып қалатын және тиімділігі төмен механикалық төсілдер колданылады. Мұндай кері өсерлер технологиялық желінің жиі тоқталуына әкел соғады. Сондыктан салаларда тиімділігі жоғары, энергия сыйымдылығы төмен, пайдалануда сенимді, қызыметі көп, орындауды қарапайым жеке механикалық-жондеу базасы қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың билігі «Нұрлы Жол – болашакқа бастар жол» атты Жолдауында айтылғандай, индустрияландыру бағдарламалары шенберінде базаларындағы шығынның экономикалық салаларымен және мамандар даярлаумен байланысы бар 10 ЖКОО анықталды. Республикадағы білім мен техника жағдайын саралғанда, елімізде өндірістік экология бағытында

КР ҰҒА академигі, техникалымындағы докторы, профессор О.Балабеков құрған ғылыми мектеп бар екенін атап өтуге болады. Аталмыш ғылыми мектеп тек Қазақстандаған емес, бүкіл ТМД елдері ішіндегі ең ірі зертханалардың біріне айналып отыр. Мұнда көпфазалық ортада жылу алмасудың негіздерін зерттеу; жана энергия үнемдейтін, заман талаптарына сай процестерді құру, техникалық құралдарды тазарту және химиялық өнеркөсіптің өртүрлі өндіріс салаларында түзілетін өндірістік қалдықтарды пайдала асыру; өндірістік көсіпорынның қоршаган ортамен өсерінің экологиялық, экономикалық тиімділігі, аймақтық және аймакаралық қалдықсыз және аз қалдық кешендерін жобалау негіздері өзірленеді.

Ғылыми мектептегі дайындалған төсілдер мен құрылымдар арқылы Қазақстанда, Ресейде, Украинада және Өзбекстандағы өртүрлі химиялық өнеркөсіптерде 80-ге жуық кондырығы орнатылды. Сөйтіп, кайта өндіріс саласында зор өндірістік секіріс жасауга мүмкіндік беріп отыр. Зертханадағы жүргізіліп жатқан зерттеулер арқылы энергияның ағымдағын толық пайдаланудын негізгі бағыттарының бірі, яғни технологиялық процестердің тиімділігін арттыруға кол жеткізілуде. О.Балабеков және В.Петиннің Ресей Жаратылыштану Фылымдар Академиясында корғаған «Құйындардың деңелер бойымен үзіліп, бірбірімен өзара өрекеттесуі» атты жаһаналығы осыған дәлел.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің қазіргі техникалық деңгейін өтеп жоғары. Мұнда әлемдік аналогтардан кем түспейтін масса алмасу және шан-тозандарды бөлүп аппараттарын жетілдіруде үлкен тәжірибе бар. Сондыктан да бұл төсілдер шеттеп өкелуді қажет етпейді және тұтынушылар талаптарына сәйкес келетін жабдықтарды өз Отанымызда жасап шыгару мәселесін біршама шешіп отыр.

Олжас ШОХАЕВ,
ОҚМУ-дің «Технологиялық
машиналар және
жабдықтар» кафедрасының
оқытушысы.